

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 2 (969) 5 қаңтар 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ЕЛ БІРЛІГІМЕН МЫҚТЫ

(Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен болған сұхбаттан кейінгі ойлар)

*Пікір БАҒЫТ- БАҒДАРЫМЫЗДЫ АЙҚЫНДАП БЕРДІ

Мемлекет басшысының «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған сұхбаты халықты біраздан толғандырып жүрген көкейкесті сұрақтарына берілген нақты әрі жүйелі жауап болды. Келелі сұхбатта Қ.Тоқаев жастар және мемлекеттік қызметшілер тақырыбына арнайы тоқталды.

Бұл мәселе Президенттің ұдайы назарында екені баршаға белгілі. Бұған дейінгі бағдарламалық баяндамаларында да аталған бағыт жүйелі әрі дәйекті айтылып келеді. Осы жолғы сұхбатында да «Мемлекеттік қызметші қандай болуы керек?» деген мәселеге ашық әрі айқын көзқарасын білдірді. Президенттің пікірінше, мемлекеттік қызметшілер өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқаратын кәсіби маман ғана болмауы керек. Олар әрдайым бастамашыл, нақты ісімен елге пайда әкелетін және өзгерістердің өміршеңдігін халыққа көрсете алатын азамат болуы қажет. Сондай-ақ олар білімді-білікті ғана емес, сөзі мен ісі үйлесетін, тиянақты, тәртіпті және арлы адам болуы шарт. Яғни Президент мемлекеттік қызметшілер тек орындаушылар болмауы керек, олар өзгерістердің бастауында тұратын, жауапкершілікті ала алатын бастамашыл тұлғалар болуы керек деп отыр. Сөзі мен ісі үйлесетін арлы адам болуы туралы ойы да ерекше маңызға ие. Себебі мемлекеттік қызмет адамға үлкен жауапкершілік жүктейді. Мансап дәрежесіне қарамастан әрбір мемлекеттік қызметші ел дамуына өзіндік үлес қосатын тарихи миссияны арқалап жүргенін шынайы сезіне білуі керек. Сонымен бірге, Мемлекет басшысы өз сұхбатында «еңбекқорлық пен жасампаздық жоғары бағалануға, білімпаздық пен жаңашылдық салтанат құруға тиіс екенін» айта келе, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар екенін нақты көрсетіп берді. Бұл елдікті нығайтудың алғы шебінде жүрген мемлекеттік қызметшілерге де қойылар ерекше талап екені анық. «Барлық деңгейдегі шенеуніктер мен басшылар қоғамның тамырын тап баса білуге, азаматтардың мұң-мұқтажын тыңдап-түсінуге, соған сәйкес дер кезінде нәтижелі шаралар қабылдауға және дұрыс шешім шығаруға қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметкерлердің тұлғалық болмысына тән басты талап – «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағидатты берік ұстану екенін айтты. Ең бастысы, олардың халыққа жақын болуы керектігіне назар аудартады.

Президенттің «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағидасы жаңа формациядағы мемлекеттік қызметшілердің негізгі ұстанымына айналуға тиіс. Себебі елімізде қалыптасып жатқан жаңа басқару мәдениеті «Ең алдымен адамдар» қағидатына негізделеді. Бұл ретте Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби-тұлғалық жетілуі бағытындағы жұмыстарды тұрақты жүргізіп келеді. Алдағы уақытта Президенттің мемлекеттік қызметшілерге қатысты айтқан тұжырымды бағыттарын қызметкерлерді оқыту, қайта даярлау, біліктіліктерін арттыру барысында жан-жақты қолданатын боламыз. Мемлекет басшысы сұхбатында атқарушы және заң шығарушы билік тармақтарында жастардың қызмет етуіне жол ашатын кешенді шаралар қабылданғанына тоқталған. Биыл Президенттің тікелей бастамасымен қолға алынған Президенттік жастар кадр резервіне үшінші іріктеу өткізілді. Президенттік жастар кадр резерві мемлекеттік қызметке талантты жастарды тартуды көздейді. Мемлекет басшысы белгілеп бергендей, дарынды, білікті жастарды елге қызмет етуге тарту, жұмылдыру, атсалыстыру. Осы жолы мемлекеттік аппараттың салалық кадрларға қажеттілігін ескеріп, мақсатты іріктеу өткізілді. Нәтижесінде, 50 адам резервке алынды. Бұл – елімізде кадр саясаты ашық әрі әділ жүргізіліп отырғанының көрінісі. Бір сөзбен айтқанда, сұхбат қоғамда қалыптасқан түйткілді сұрақтарға нүкте қойып, оған қоса, еліміз дамуының алдағы жоспарларына да қатысты бағыт-бағдарды айқындауымен құнды болып отыр.

Дархан ЖАЗЫҚБАЙ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы.
Egemen Qazaqstan.

Жаңа жолға түскеніміз анық. «Қазақ газеттері» ЖШС-ның Бас директоры, белгілі қаламгер, ғалым Дихан Қамзабекұлының Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевпен сұхбаты шынында да көлемді екен. Еліміздің бүгінгі мен болашағына қатысты көптеген мәселелер қамтылыпты. Бүкіл саналы ғұмырымды бұқаралық ақпарат саласына арнаған адам болғандықтан, сұрақтарды өзім қойып отырғандай күй кештім. Ол ол ма, іштей өзімше жауап беруге де тырыстым. Жалпы маған Президенттің әңгімесі ұнады. Сұрақтарды ұсақ-ірі демей, бүкпесіз әңгіме өрбіткен. Өткен жылдың қорытындылары туралы Президент: «Біз әділ және бәсекелі экономика жүйесін құруға кірістік. Экономиканы әртарапандыру және монополиядан арылту, инфрақұрылымды жаңғырту, бизнесті қолдау, инвестиция тарту жұмыстарымен мықтап айналыстық. Әлеуметтік салада қордаланып қалған мәселелер біртіндеп шешіле бастады. Еліміздің түкпір-түкпірінде білім ошақтары, оның ішінде, «жайлы мектептер» бой көтеруде. Ауылдарда денсаулық сақтау нысандары салынып жатыр. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға кешенді түрде қолдау көрсету үшін Әлеуметтік кодекс қабылданды. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтар үшін арнайы төлемақы енгізілді. Табиғатты қорғауға жауапты мекемелердің қызметкерлеріне олардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп-қатерге қатысты үстемәқы төленетін болды. Медицина қызметкерлерінің, мектепте, колледжде және балабақшада жұмыс істейтін педагогтардың жалақысы өсті. Ұлттық қордан балаларға қаржы беру мәселесін реттейтін заң күшіне енді. Негізгі экономикалық көрсеткіштерді, оның ішінде инфляция деңгейін ескере отырып ең төменгі жалақыны анықтайтын әдістеме қабылданды», – деді. Қанша көлемді болса да, бір сұхбатта жыл ішінде тындырылған барлық істерді жіпке тізгендей түгендеп шығу мүмкін емес. Қайда болмасын атқарылған жұмыстар ұшан-теңіз. Шынымы айтамын, біз ел тізгінін Қасым-Жомарт Кемелұлы алғаннан бері мүлде басқа мемлекетке өмір сүріп жатырмыз. Рас, әзірше жаңа Қазақстанды, әділетті Қазақстанды құрып тастадық деп кеудемізді қаға алмаспыз. Бірақ бағытымыз – айқын, мақсатымыз – биік, сол жолға түскеніміз анық. Президент айтты отырғандай, «...осы мақсатқа жету үшін біз бір ел болып, білек сыбана жұмыс істеуіміз керек».

Біз бәрінен айырылып қала жаздадық. Президент қасіретті қаңтар оқиғасына қатысты сұрақтарға да әдеттегідей тура жауап беріп, қасқойлердің мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғанын ашық айтып отыр. Бұл ретте сұрақ та орынды, жауап та салмақты шыққан деп ойлаймын. Өйткені, жасыратыны жоқ, әлі күнге дейін арамды бейбіт шеру еді, билік неге қару қолданды дейтіндер бар. Оларға менің айтарым, қайдағы бейбіт шеру?! Лаңкестіктің, содырлықтың бұдан асқан қандай сорақы түрі, ізіміз айтып, жазып жүргендей, ата-бабаларымыз үш ғасыр бойы қанын төгіп, жанын беріп жүріп жақындатқан басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізге қол көтеруден асқан қандай ауыр қылмыс болуы мүмкін?! Кешегі Алаштың арыстары осы жолда не көрмеді?! Олар өз өмірлерін осы Тәуелсіздік үшін, бүгінгі ұрпақтың бақытты өмірі үшін құрбан етпей не еді?! Олай болса, сол күндері көшеге шығып, өз шаңырағын өзі шайқалтып, іргесіне өз қолымен от қойған қанқұйлы қарақшыларды лаңкес, содыр демегенде кім

деп атаймыз?! «Іштен шыққан жау жаман» деп бабаларымыз бекерге айтпаған ғой, жауапкершіліктен жұрдай тобыр өз халқына өзі соғыс ашты, жазықсыз жаңдарға ажал құштырды. Сөйтіп, ұлттық қауіпсіздігіміз бен мемлекетіміздің басына қара бұлт үйірлі. Тәуелсіздік былай тұрсын, елден, жерден айырылып қала жаздадық. Біз қаңтардың қаралы күндерінде нағыз соғысты көрдік. Егер Президентіміз қалыптасқан ахуалды дұрыс бағалап, тығырыққа тірелген елді, бейбіт халықты қорғаудың пәрменді шараларын қабылдап, жедел жүзеге асырмағанда алдын ала жан-жақты ойластырылған, мұздай қаруланған содырлардың сойқаны неге әкеліп соқтыратынын болжаудың өзі қиын еді. Біле білсек, Мемлекет басшысының табандылығының, ерік-жігерінің, батыл іс-қимылдарының арқасында ғана аман қалдық. Ақиқаты сол, ел басына күн туғанда, Қасым-Жомарт Кемелұлы бүкіл жауапкершілікті мойнына алып, батыл қимылдап, өзінің нағыз көшбасшы екенін дәлелдеді.

Бақ бағалағанның басына қонады Рас, соңғы 30 жылда біз бәріміз ауызбен орақ орып, жұмақта өмір сүріп жатқандай әсерде болдық. Қазақстан байлығының жартысы санаулы адамдардың қолына өтіп кеткенін енді біліп жатырмыз. Президент халықтан ештеңені жасырып отырған жоқ, әр сөзінде елдегі жағдайдың күрделі екенін дәттеп, оның бәрін бірлігімізбен, ұйымшылдығымызбен, елдегі тыныштықты сақтай отырып қана ретке келтіре алатынымызды, жылдар бойы қордаланып қалған мәселелердің бір күнде, бір айда, тіпті бір жылда шешіле қалмайтынын айтуда. Сұхбаттан түйген тағы бір ой – қазір біз үлкен өзгерістер кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Қоғамды демократияландыру бағытында нақты қадамдар жасалуда. Мақсатымыз – халық сөзіне құлақ асатын мемлекет құру. Өркениет жолын таңдадық. Президент, Парламент, Үкімет әділетті қоғам орнатуға, монополияларды жоюға, саяси трансформация жасауға, еліміздің экономикалық дамуын жеделдетуге күш салуда. Осы істерден қоғамның әрбір мүшесі шет қалмауға тиіс. «Баянды болашаққа да бірге қадам басуымыз қажет. Біз өткенді аңсаумен өмір сүрмеуіміз керек. Керісінше, келешегімізді кемел етуге ұмтылып, ұлттың ұлылығын нақты іспен дәлелдеуге тиіспіз. Дүниетанымымызға жат мәдениеттерге көзсіз еліктеуден, жалған патриотизмнен, даңғойлық пен дарақшылықтан сақтануымыз керек. Халқымыздың бойындағы кемшіліктерге көз жұма қарамай, одан арылуымыз қажет. Мұның бәрі күн сайын құбылған тұрлаусыз заманда өмір сүріп жатқан Қазақстанның келешегі үшін айрықша маңызды», – дейді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлының жалпыұлттық құндылықтар, сапалы ұлт қалыптастыру жолдары туралы айтқан ойларын да қос қолымды көтеріп, қолдаймын. Расында да еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік қана бізді табысқа жетелейді. Бәріміз де елдің болашағын ойлаймыз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болса екен дейміз.

Ол үшін бізге ең бастысы бірлік керек!

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ,
Солтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық кеңесінің
төрағасы.

2024 ЖЫЛЫ ҚАНША ЖАРНА ТӨЛЕЙМІЗ?

МӘМС жарналары мен аударымдары бойынша ставкалар өзгеріссіз қалады. Бірақ базалық есептік көрсеткіштің (ең төменгі жалақының (ЕТЖ) жаңа мөлшерлерінің бекітілуіне байланысты төлем сомалары өзгереді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры болжау басқармасының басшысы Ақтолық Сұлтанова төлеушілердің барлық санаттары бойынша түсініктеме берді.

Жұмыс берушілер қызметкер үшін жалақының 3 пайызы мөлшерінде аударымдар жүргізеді, бұл ретте салық салынатын ай сайынғы табыс 10 ЕТЖ (2024 жылы 850000 теңге) аспауға тиіс, яғни жұмыс берушінің аударымдарының ең жоғары төленетін сомасы айына 25500 теңгені құрайды. Бұл қаражат қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, оларды жұмыс беруші кәсіпорын есебінен төлейді. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт негізінде қызмет көрсететін жалдамалы жұмыскерлер мен жұмыскерлер МӘМС-ке ай сайынғы табысының 2 пайызы мөлшерінде жарна төлейді. Салық салу объектісі барлық жұмыс орындарынан айына 10 ЕТЖ (2024 жылы 850000 теңге) аспауы тиіс, яғни қызметкердің жалақысына қарай, төлейтін ең жоғары жарнасы 17000 теңге болуы мүмкін. Ақтолық Сұлтанова атап өткендей, жарналарды төлеу кезінде шекті табыс барлық жұмыс орындарына қарай ескеріледі. Мысалы, қызметкердің жалақысы 600000 теңгені құрайды делік. Сонымен қатар шарт бойынша қызмет көрсетіп, қосымша 350000 теңге алады. Жалпы табыс 950000 теңге шегінде, яғни 10 ЕТЖ-дан асады. Бұл жағдайда қызметкердің бір жұмыс орнынан жарналар толық мөлшерде ұсталуы керек. Мысалы: 600000 * 2 пайыз = 12000 теңге. Ал екінші жұмыс орнында ең жоғары төлемнен қалған бөлігі ғана ұсталады: 17000 теңге (ең жоғары төленетін жарна) – 12000 теңге (бірінші жұмыс орнынан төленген жарна) = 5000 теңге (екінші жұмыс орнынан жарна). Екінші жұмыс беруші жарна мөлшерін дұрыс есептеуі үшін қызметкер оған аударылған жарналар туралы бірінші жұмыс орнынан анықтама беруі керек. Жалақыдан ұсталатын бірыңғай төлем – бұл бірқатар салық төлемдерін есептеудің стандартты әдісіне балама. Жалақыдан ұсталатын қаржы мынадай бес төлемді біріктіреді: Міндетті зейнетақы жарналары; әлеуметтік аударымдар;

МӘМС жарналары; МӘМС-ке аударымдар; жеке табыс салығы. Бірыңғай төлемді жеңілдетілген декларация және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған арнайы салық

режімі бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкер мен шағын және орта бизнестің заңды тұлғасы пайдалануға рұқсат береді. 2024 жылы бірыңғай төлем мөлшерлемесі еңбекке қатысты 21,5 пайызын құрайды. Бірыңғай төлем ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-күннен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияның шотына бір төлеммен жүргізіледі. Бірыңғай жиынтық төлем кәсіпкерлік қызметті ЖК ретінде тіркеусіз жүзеге асыратын бейресми жұмыспен қамтылған азаматтар үшін уақытша 5 жылға (2019 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін) енгізілді. Тиісінше, биылғы жылы БЖТ болмайды. Сондықтан өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мәртебені екі жолмен ала алады:

- жеке кәсіпкер ретінде тіркелу және жарналарды ЖК ретінде төлеу;
- жарналарды дербес төлеуші ретінде төлеу. Қазақстандағы МӘМС жүйесі әлеуметтік бағдарланғандықтан, мемлекет 15 жеңілдік санатына кіретін азаматтар үшін жарналарды төлеуді жалғастыруда. 2024 жылы мемлекеттің бір азаматқа төленетін жарнасы айына 5852,63 теңгені құрайды (мемлекеттің жарналарын есептеу объектісінің 1,9 пайызы, яғни мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ағымдағы қаржы жылының алдындағы екі жылға дейінгі орташа айлық жалақы).
- өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жеке кәсіпкерлер, дербес төлеушілер жарналарды екінші деңгейдегі банктің кез келген бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ, «Kaspi.kz», «HalykBank» мобильді қосымшалары арқылы, сонымен бірге «Kassa 24» және «Qiwі» әмиян, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы аударады. Мыналарға назар аудару керек: – төлеушінің ЖСН және ТАӘ дұрыс көрсетуі;
- төлем жасап, 2-3 жұмыс күнінен кейін МӘМС жүйесіндегі мәртебені тексеру, мәртебе берілмесе, төлемдегі деректерді жаңадан тексеру.
- жеке кәсіпкерлер назарына: салық органдарына есептілікті дайындау және тапсыру;
- өз қызметкерлерін төлем жасалғаны туралы хабарлау.

Қарлығаш ИЛИЯСОВА,
«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ
облыстық филиалының баспасөз хатшысы.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫН ҚҰРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ТАЙЫНША АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

2023 жылғы 27 желтоқсанда аудан мәслихатының IX - кезекті сессиясында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамдарын сайлау туралы екі шешім қабылданды.

Жаңа сайлау комиссияларын құру "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" ҚР Конституциялық заңының және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" ҚР Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.

Қалыптасқан сайлау комиссиялары Қазақстан Республикасында сайлауды дайындауды және өткізуді ұйымдастыратын мемлекеттік сайлау органдары болып табылады. Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Мәслихат сессиясында 53 сайлау комиссиясының құрамына 283 мүше сайланды, оның ішінде:

1 - аумақтық, 52 - учаскелік сайлау комиссиялары.

Алты саяси партияның ұсыныстары бойынша сайлау комиссияларының жаңа құрамына 230 мүше немесе сайланған сайлау комиссиялары мүшелерінің жалпы санының 81% сайланды. Екі қоғамдық бірлестіктен сайлау комиссияларының 53 мүшесі немесе 19%, жоғары тұрған сайлау комиссияларының 0 мүшесі сайланды.

Сайлау туралы Конституциялық заңның 10 және 20-баптарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сайлау комиссияларының бірінші отырысында аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары, төраға орынбасарлары мен хатшылары сайланды.

Сайлау комиссияларының жаңа құрамы мен орналасқан жерін сіздердің назарларыңызға ұсынамыз.

Сайлау комиссиясының орналасқан жері (пошта мекенжайы және сайлау комиссиясы орналасқан ғимарат көрсетіледі)	Сайлау комиссиясы төрағасының, төраға орынбасарының, хатшысының және мүшелерінің ТАӘ	
	Аумақтық сайлау комиссиясы	
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі 203, «Сарсембаева Х.А.» жеке кәсіпкердің ғимараты (келісім бойынша).	Төраға	Нероба Ольга Густавовна
	Төрағаның орынбасары	Жетыбаев Аскер Шайхисламович
	Комиссия хатшысы	Буменова Жибек Зайнулловна
	Комиссия мүшелері	Курманғалиева Сайра Елемесовна
		Иванова Ольга Фёдоровна
		Каппасов Қайыр Серикалиевич
	Сулейменов Тулеген Кайроллаевич	
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 415	
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі 201, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша қаласының № 1 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Смирнова Лариса Витальевна
	Төрағаның орынбасары	Жармұқан Азамат Ерболулы
	Комиссия хатшысы	Лупшанюк Карина Петровна
	Комиссия мүшелері	Амерханова Айжан Базарбаевна
		Нұрақай Гулжам Кенжебайқызы
		Сейтуарова Балжан Жумабаевна
	Гилязова Татьяна Васильевна	
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 416	
Тайынша қаласы, Татулық көшесі 55, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Качалкина Наталья Викторовна
	Төрағаның орынбасары	Мирзахмедова Роза Жолдаспаевна
	Комиссия хатшысы	Якимова Антонина Анатольевна
	Комиссия мүшелері	Сабирова Людмила Брониславовна
		Медведева Ольга Ивановна
		Жемпеисова Дария Кангожаевна
	Алибаев Тимур Серикович	
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 417	
Тайынша қаласы, Кенесары көшесі 63, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша қаласының № 3 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Рахимова Жания Сериковна
	Төрағаның орынбасары	Дужник Ольга Леонидовна
	Комиссия хатшысы	Оспанова Айгүл Риззахметовна
	Комиссия мүшелері	Стахальская Наталья Анатольевна
		Омирзак Айбын Амангельдыұлы
		Малаяская Лиана Анатольевна
	Утельбаева Балхия Сарсембаевна	
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 418	
Тайынша қаласы, Железнодорожный шағын ауданы 15, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның ғимараты.	Төраға	Гусева Елена Михайловна
	Төрағаның орынбасары	Тихонова Александра Сергеевна
	Комиссия хатшысы	Садвокасова Гульнара Жумабековна
	Комиссия мүшелері	Панченко Инна Александровна
		Келина Галина Константиновна
		Түкенов Нуржан Кулбаевич
	Сарсембаева Баглан Айткеновна	
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 419	
Тайынша қаласы, Желтоқсан көшесі 75, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша қаласының № 2 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Рахимжанова Ризагүл Майрамбековна
	Төрағаның орынбасары	Рябчинская Марина Николаевна
	Комиссия хатшысы	Низгүтская Алина Александровна
	Комиссия мүшелері	Цыба Николай Александрович
		Сейдахметова Дина Оразбаевна
		Жетписбаева Сания Магажановна
	Махметов Асхат Сатыбаевич	
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 420	
Большой Изюм ауылы, Октябрь көшесі 88, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Большой Изюм орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Ярыза Виктор Алексеевич
	Төрағаның орынбасары	Распопова Данута Владимировна
	Комиссия хатшысы	Дмитриева Татьяна Викторовна
	Комиссия мүшелері	Бирюкова Александра Егоровна
		Сатанбекова Жанар Есемсеитовна
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 421	
Новоприречное ауылы, Школьный түйік көшесі 6, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Новоприречный негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Гизеева Гульмира Олжабаевна
	Төрағаның орынбасары	Загоруйко Людмила Петровна
	Комиссия хатшысы	Оралова Сымбат Болтаевна
	Комиссия мүшелері	Белова Юлия Петровна
		Лазоренко Надежда Григорьевна
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 422	
Чермошнянка ауылы, Школьная көшесі 4, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Чермошнянка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Трофимова Ирина Александровна
	Төрағаның орынбасары	Косолапов Виктор Николаевич
	Комиссия хатшысы	Жунусова Гульнар Негмеджановна
	Комиссия мүшелері	Тастанов Марат Бекенович
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 423	
Бахмут ауылы, Школьная көшесі 4, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Бахмут бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Знотыныш Ирина Николаевна
	Төрағаның орынбасары	Плотникова Лариса Дорофеевна
	Комиссия хатшысы	Тарадаева Татьяна Петровна
	Комиссия мүшелері	Петрухина Наталья Сергеевна
		Романова Оксана Николаевна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 425		Төраға	Төрағаның орынбасары	Комиссия хатшысы	Комиссия мүшелері
Леонидовка ауылы, Школьная көшесі 17, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Леонидовка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Агибалова Шара Жаскайратовна	Тренбач Александр Александрович	Емельянова Татьяна Владимировна	Шеффинг Наталья Ивановна
	Төрағаның орынбасары				Маслова Светлана Петровна
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 426				
Многоцветное ауылы, Школьная көшесі 21, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Многоцветный негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Ракицкая Алена Вениаминовна	Тупицын Сергей Сергеевич	Караваций Александр Валериевич	Ющенко Татьяна Ивановна
	Төрағаның орынбасары				Константинова Надежда Петровна
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 427				
Мироновка ауылы, Школьная көшесі 2, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мироновка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Игибаева Зарина Болатовна	Жармұқан Асхат Ерболулы	Сулейменова Светлана Болаткановна	Трофимова Наталья Леонидовна
	Төрағаның орынбасары				Зулаев Кирилл Александрович
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 429				
Заречное ауылы, Бірлік көшесі 2, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Заречное бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Ахметжарова Динара Зайроллаевна	Сатанбекова Айгүл Азакановна	Эдель Татьяна Эргартовна	Дулов Сергей Витальевич
	Төрағаның орынбасары				Гончар Юрий Иванович
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 430				
Теңдік ауылы, Абай көшесі 31, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Теңдік орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Шаймерденов Сейтжан Даулетханович	Төлен Айсулу Таңырқызы	Омаров Дулат Серикович	Альжанова Клара Амангельдиновна
	Төрағаның орынбасары				Ахмерова Ботагöz Биляловна
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 431				
Кантемировское ауылы, Центральная көшесі 4, «Вишевское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимараты (келісім бойынша).	Төраға	Кожаметова Турсун Рашидовна	Денисова Наталья Андреевна	Жетписбаева Макпал Мукатаевна	Серикаева Елена Сергеевна
	Төрағаның орынбасары				Абикеева Кульжанат Кайкеновна
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 433				
Кирово ауылы, Пушкин көшесі 73, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ауылдық клуб ғимараты.	Төраға	Ракишев Даулет Болатович	Стрельцова Алла Анатольевна	Солодка Валентина Станиславовна	Комова Антонина Васильевна
	Төрағаның орынбасары				Попова Елена Михайловна
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 435				
Ильич ауылы, Карл Маркс көшесі 6, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ильич негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Жагипаров Аширбек Ақылбекович	Захаров Михаил Юрьевич	Канафина Жибек Зайроллиновна	Кенжегарина Айнур Риззахметовна
	Төрағаның орынбасары				Маслова Мария Антоновна
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 436				
Қарағаш ауылы, Сұңғат Хамидуллин атындағы көшесі 10, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қарағаш орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Габдуллина Гульнара Хасеновна	Рамазанова Гульмира Койшибаевна	Матц Сергей Владимирович	Балгабеков Жасулан Алпысбаевич
	Төрағаның орынбасары				Аяпова Шолпан Пушкинқызы
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 437				
Калиновка ауылы, Центральная көшесі 5, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Калиновка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Лисневская Светлана Викторовна	Канарский Валерий Леонидович	Терлецкий Юрий Леонидович	Стрелецкая Олеся Николаевна
	Төрағаның орынбасары				Цаликовская Юлия Иосифовна
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 439				
Аққудық ауылы, Центральная көшесі 35, «Племзавод Алабота» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимараты (келісім бойынша).	Төраға	Калтаев Жанат Муратулы	Близнец Валентина Владимировна	Алиева Марал Муратовна	Усаева Макпал Еркековна
	Төрағаның орынбасары				Елеусизова Динара Нурмуқановна
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 440				
Ясная Поляна ауылы, Куйбышев көшесі 47Б, «Тайынша-Астық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мәдениет үйінің ғимараты (келісім бойынша).	Төраға	Червинский Виталий Геннадьевич	Пашковская Людмила Цезариевна	Павицкая Светлана Анатольевна	Гонгало Любовь Анатольевна
	Төрағаның орынбасары				Лисяная Вера Александровна
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				
	Учаскелік сайлау комиссиясы № 441				
Вишневка ауылы, Центральная көшесі 37, «Вишевское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мәдениет үйінің ғимараты.	Төраға	Лукавская Люда Николаевна	Лисицкий Александр Викторович	Хомич Людмила Владимировна	Комнацкая Елена Ивановна
	Төрағаның орынбасары				Автухович Любовь Иосифовна
	Комиссия хатшысы				
	Комиссия мүшелері				

Учаскелік сайлау комиссиясы № 442		
Новодворовка ауылы, Школьная көшесі 57, Руппель Нина Адольфовнаның тұрғын үйі (келісім бойынша).	Төраға	Ананько Сергей Михайлович
	Төрағаның орынбасары	Вагнер Марина Владимировна
	Комиссия хатшысы	Михальцова Светлана Петровна
	Комиссия мүшелері	Карпейчик Людмила Владимировна
		Добровольская Наталья Владимировна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 443		
Дашка-Николаевка ауылы, Школьная көшесі 14А, «Дашка-Николаевка-СК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ауылдық клуб ғимараты (келісім бойынша).	Төраға	Червинская Татьяна Владимировна
	Төрағаның орынбасары	Терешук Людмила Антоновна
	Комиссия хатшысы	Маллер Татьяна Сергеевна
	Комиссия мүшелері	Гурская Надежда Гербертовна
		Лерке Галина Болеславовна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 444		
Донецкое ауылы, Больничная көшесі 33, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Донецк орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Котвицкая Марина Анатольевна
	Төрағаның орынбасары	Гойко Наталия Ивановна
	Комиссия хатшысы	Жаманова Камила Габдуллаевна
	Комиссия мүшелері	Омарова Жанна Дюсембайевна
		Лупшанюк Марина Петровна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 445		
Подольское ауылы, Школьная көшесі 15, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Подольск негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Чижаковский Станислав Мичиславович
	Төрағаның орынбасары	Мидзяновский Олег Николаевич
	Комиссия хатшысы	Коноплицкая Татьяна Вацлавовна
	Комиссия мүшелері	Дрозд Надежда Францевна
		Нестеренко Раиса Степановна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 446		
Краснокиевка ауылы, Конституция көшесі 15, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Краснокиевка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Бугаев Алексей Сергеевич
	Төрағаның орынбасары	Ширнинова Станислава Адамовна
	Комиссия хатшысы	Чижаковская Алена Владимировна
	Комиссия мүшелері	Флерковская Валентина Владимировна
		Вдовин Максим Сергеевич
Учаскелік сайлау комиссиясы № 448		
Зеленый Гай ауылы, Вовровский көшесі 17, «Тайынша-Астық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мәдениет үйінің ғимараты (келісім бойынша).	Төраға	Суходольский Илья Гамзатович
	Төрағаның орынбасары	Закутько Дмитрий Викторович
	Комиссия хатшысы	Амерханова Динара Шагуалиевна
	Комиссия мүшелері	Калиева Самал Жанабиловна
		Искакова Алтын Урозаловна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 449		
Новогречановка ауылы, Центральная көшесі 27, «Новый труд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кеңсесінің ғимараты (келісім бойынша).	Төраға	Биньковская Анна Станиславовна
	Төрағаның орынбасары	Горай Светлана Николаевна
	Комиссия хатшысы	Дембицкая Наталья Тофилевна
	Комиссия мүшелері	Бресь Нина Леонидовна
		Рейзвих Анна Францевна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 450		
Тихоокеанское ауылы, Киров көшесі 6, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тихоокеанск негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Хуан Галия
	Төрағаның орынбасары	Закенаев Есбол Абаевич
	Комиссия хатшысы	Серикбаева Гульназ Сериковна
	Комиссия мүшелері	Кенжибаева Жанна Васильевна
		Хомицкая Ляззат Толеговна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 451		
Шұңқыркөл ауылы, Бәйтерек көшесі 4, Акимов Қанат Мұратұлының тұрғын үйі (келісім бойынша).	Төраға	Шакиров Жаслан Балтабаевич
	Төрағаның орынбасары	Голымбовская Любовь Анатольевна
	Комиссия хатшысы	Бригадир Иннеса Анатольевна
	Комиссия мүшелері	Кенесов Арман Уралович
		Габдуллин Еслямбек Муталлапович
Учаскелік сайлау комиссиясы № 452		
Чкалов ауылы, Жамбыл көшесі 40, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «№ 1 Чкалов орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Даулетулы Данияр
	Төрағаның орынбасары	Бондаренко Николай Николаевич
	Комиссия хатшысы	Искакова Клара Кабдуллаевна
	Комиссия мүшелері	Қабден Орал Дулатұлы
		Панина Светлана Владимировна
		Райман Марина Анатольевна
		Сатымғалиева Алмагуль Исламбековна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 453		
Петровка ауылы, Школьная көшесі 1, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Кайб Алена Викторовна
	Төрағаның орынбасары	Янн Елена Иосифовна
	Комиссия хатшысы	Раисова Мира Жанатовна
	Комиссия мүшелері	Исхаков Бағдат Аманкелдиевич
		Шындаулетов Кумисбек Ташкенбайұлы
Учаскелік сайлау комиссиясы № 454		
Амандық ауылы, Абылай хан көшесі 12, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Амандық орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Айтуарова Ляйла Еслямбековна
	Төрағаның орынбасары	Нурмагамбетова Асия Бейсеновна
	Комиссия хатшысы	Кожамбергенова Айгерим Беделхановна
	Комиссия мүшелері	Аргенов Жумабек Кенесулы
		Сейпиева Арайлым Хасеновна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 455		
Ильичевка ауылы, Бесқарағай көшесі 2, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ильичевка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Жакупова Айгерим Мендибаевна
	Төрағаның орынбасары	Кожамбергенов Самат Касенович
	Комиссия хатшысы	Касымова Айгуль Тулешовна
	Комиссия мүшелері	Халиакбарқызы Айгерим Хасенов Болат Аскенулы
Учаскелік сайлау комиссиясы № 456		
Аймақ ауылы, Бейбітшілік көшесі 25, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аймақ негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Куттужоин Ораз Сапарович
	Төрағаның орынбасары	Есмагамбетов Асет Советович
	Комиссия хатшысы	Шакаримова Айгуль Талгатовна
	Комиссия мүшелері	Боранбаева Каламқас Темирбековна
		Қусаинов Даурен Байғалиевич
Учаскелік сайлау комиссиясы № 457		
Келлеровка ауылы, Строительная көшесі 15А, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәдениет үйі ғимараты.	Төраға	Боранбаева Сандугаш Жанабиловна
	Төрағаның орынбасары	Кожбанов Уткир Сатыбалдиевич
	Комиссия хатшысы	Данилович Татьяна Анатольевна
	Комиссия мүшелері	Аманов Маханбет Бахитович
		Шевчук Наталия Петровна
		Ертай Құралай Ғұбайдоллақызы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 459		
Драгомировка ауылы, Школьная көшесі 2, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Драгомиров орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Илле Александр Александрович
	Төрағаның орынбасары	Лобанович Анна Ивановна
	Комиссия хатшысы	Фиц Татьяна Юрьевна
	Комиссия мүшелері	Рудольф Светлана Владимировна
		Бупжанова Самал Оразбековна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 460		
Обуховка ауылы, Школьная көшесі 42, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Обуховка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Вербицкая Людмила Петровна
	Төрағаның орынбасары	Радченко Наталья Сергеевна
	Комиссия хатшысы	Хамзина Ботагоз Сапарғалиевна
	Комиссия мүшелері	Сергеев Виктор Владимирович
		Фертих Ольга Владимировна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 461		
Ивангород ауылы, Школьная көшесі 2, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ивангород бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Грысюк Ольга Николаевна
	Төрағаның орынбасары	Грысюк Татьяна Брониславовна
	Комиссия хатшысы	Калауова Акнур Балтабаевна
	Комиссия мүшелері	Рахметов Тендык Шаймуратович
		Лунева Изабелла Юрьевна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 462		
Любимовка ауылы, Мира көшесі 19, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Любимовка бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Кожаневская Анна Владимировна
	Төрағаның орынбасары	Гура Наталья Владимировна
	Комиссия хатшысы	Конжур Кристина Олеговна
	Комиссия мүшелері	Ярмак Светлана Геннадьевна
		Конжур Вероника Владимировна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 463		
Рошинское ауылы, Школьная көшесі 14, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Рошинск негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Кужилина Анастасия Александровна
	Төрағаның орынбасары	Криволевич Светлана Николаевна
	Комиссия хатшысы	Бахтиярова Айгерим Нұхтаровна
	Комиссия мүшелері	Маскевич Александр Эрвирович
		Супрунок Наталья Васильевна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 464		
Макашевка ауылы, Жұмысшы көшесі 8, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Макашевка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Калинская Наталья Петровна
	Төрағаның орынбасары	Ковальская Любовь Ивановна
	Комиссия хатшысы	Клименко Жанна Анатольевна
	Комиссия мүшелері	Гаузер Евгений Адольфович
		Энгельман Вероника Викторовна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 466		
Красная Поляна ауылы, Кооперативная көшесі 27, «Краснополянское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимараты (келісім бойынша).	Төраға	Крафт Инна Васильевна
	Төрағаның орынбасары	Квятковский Дмитрий Антонович
	Комиссия хатшысы	Харжевская Оксана Евгеньевна
	Комиссия мүшелері	Канабаева Шаин Серкбаевна
		Марцен Александр Викторович
Учаскелік сайлау комиссиясы № 467		
Озерное ауылы, Садовая көшесі 14, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Озерная негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Доберчак Евгения Михайловна
	Төрағаның орынбасары	Дерепа Татьяна Анатольевна
	Комиссия хатшысы	Вешко Валентина Брониславовна
	Комиссия мүшелері	Ищак Виктор Иванович
		Дола Нина Иосифовна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 468		
Краснодольск ауылы, Центральная 20. «Поляна» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің әкімшілік-тұрмыстық кешенінің ғимараты.	Төраға	Багнюк Анатолий Иванович
	Төрағаның орынбасары	Багнюк Елена Валерьевна
	Комиссия хатшысы	Дурецкий Вадим Казимирович
	Комиссия мүшелері	Василькова Ядвига Эдмундовна
		Шульц Людмила Владимировна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 470		
Летовочное ауылы, Школьная көшесі 25, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Летовочный орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Чижевский Игорь Дмитриевич
	Төрағаның орынбасары	Звольская Ольга Константиновна
	Комиссия хатшысы	Грищенко Наталья Сергеевна
	Комиссия мүшелері	Заблоцкая Анна Алексеевна
		Куля Лариса Анатольевна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 471		
Подлесное ауылы, Школьная көшесі 16, «ТайыншаАгроЖер» ЖШС ғимараты.	Төраға	Шнайдер Татьяна Анатольевна
	Төрағаның орынбасары	Мирецкая Наталья Анатольевна
	Комиссия хатшысы	Алибекова Асемгуль Кунанбаевна
	Комиссия мүшелері	Ильясов Кайрат Саутович
		Жанайдарова Акмарал Темирбековна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 472		
Горькое ауылы, Пушкин көшесі 14, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Горький орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Себеряков Сергей Викторович
	Төрағаның орынбасары	Ясинчук Лариса Леонидовна
	Комиссия хатшысы	Триц Татьяна Александровна
	Комиссия мүшелері	Матусевич Наталья Витальевна
		Ясинчук Лолита Витальевна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 473		
Краснокаменка ауылы, Центральная көшесі 46, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Краснокаменск бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	Төраға	Рамазанова Айнаш Сериковна
	Төрағаның орынбасары	Ласкажевский Николай Владиславович
	Комиссия хатшысы	Есмағамбетова Надежда Анатольевна
	Комиссия мүшелері	Кенжалина Светлана Бакитовна
		Зайцева Галина Петровна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 476		
Озерное ауылы, Лесная көшесі 23, «Жантуар-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимараты (келісім бойынша).	Төраға	Фалькенберг Аделя Иосифовна
	Төрағаның орынбасары	Смыковская Елена Эдуардовна
	Комиссия хатшысы	Фалькенберг Лариса Ильдаровна
	Комиссия мүшелері	Рибачок Виктор Антонович
		Бовсуновская Людмила Ивановна
Учаскелік сайлау комиссиясы № 479		
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі 261, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Тайынша агробизнес колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты (келісім бойынша).	Төраға	Тильтаева Асель Базаровна
	Төрағаның орынбасары	Жакетова Айсулу Салимжановна
	Комиссия хатшысы	Мухаметқалиева Зауреш Абзаловна
	Комиссия мүшелері	Ермуханова Алма Сериковна
		Савеня Анжела Анатольевна
		Касымова Гульнара Дюсембаевна
		Есенгельдинова Айслу Маратовна

*Адам. Қоғам. Дін

ЖАТ АҒЫМДАРҒА ТЫЙЫМ БОЛА МА?

Соңғы кездері ислам дінінің атын жамылып, осынау адамзаттық құндылықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын теріс пиғылды ұстанымдарын барынша насихаттап, психологиялық жағынан әлі толыса, қалыптаса қоймаған жас буынның ойына да, бойына да тықпалап жүрген деструктивті, радикалды діни ағымдар мен секталар туралы айтылып та, жазылып та жүр. Елінің болашағын ойлаған азаматтарды қазіргі уақытта күндей күйдіріп тұрған көкейкесті проблема бейжай қалдырмасы анық.

“Дүниежүзілік дәстүрлі діндердің съездерін өткізіп жатқан бірден-бір мемлекетпіз” деген атаққа масайрап, “көп конфессиялы елміз деп шетелдерге жақсы атанып жүргенде сақтықты назардан шығарып ал-ғандаймыз. Мемлекеттік рәміздер мен мерекелерді құрметтемейтін, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді, заманауи мәдениет, өнер түрлерін жоққа шығаратын, көпшілік мұсылман ұстанатын Ханафи мазхабын мойындамайтын, зайырлы өмір сүру салтына қарсылық танытатын, заңда белгіленген міндеттерді орындаудан бас тартатын деструктивті діни ағымдар жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап шыға келді. Осылайша өздерінің діни догмаларын ақиқат ретінде күштеп таңу үрдісін бастады. Басты құндылығы – адам, оның өмірі мен бостандықтары болып табылатын Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттік ұстанымынан тайдырудағы қатері орасан. “Радикалды діни ағымдардың өкілдері “жихад” ұғымын басқаларға қарулы соғыс жүргізу деп қате түсінеді. Шындығында ол белгілі бір нәтижеге, мақсатқа жету жолында адамның күш, қайрат жұмсауы деген мағынаны білдіреді”, – дейді дінтанушылар. Жат ағымдарға көпе-көрінеу демеу, қолдау жасалғаны жөнінде кезінде қанша дабыл қағылса да, олардың шашбауын көтерушілер, былайша айтқанда, мемлекеттің қаржысын қалтасына басқандар жымқырғандарынан өнер адамдарына, спортшыларға тауыққа шашқан тарыдай жылу беріп, қатарларын молайтып отырды. Тіпті олардың сойылын соққандар түрмеге тоғытыла бастаған кезде қылмысына араша түспек болып, жоғары жаққа хат жазғандардың, жаны аши қалғандардың шын бет-пердесі ашылды. Кейбірінің “Біз олардан жамандық көргеміз жоқ, өнер адамдарын қолдады. Сондықтан оларды босатуды сұраймыз”, – деп сәуегейсігендері жаға ұстатады. Міне, елге тұтқа, пана болады деген азаматтардың “итке тастаған сүйекке” малданып жүргендері, халық ризығын өз меншігіндей оңды-солды шашып, байығандарды жақтай қалған күйкі тірліктері идеологиялық жік-жікке бөлуден айналысып қана қоймай, шенеуніктер арасында бюрократияның кеңінен жайылып, реформалардың сапасыз орындалуының негізгі себебіне айналды. Жұртшылықтың санасында мемлекет аппараты туралы баяу жұмыс істейтін немқұрайлы машина деген түсінік қалыптасты. Соның салдарынан көптеген адамдар жұмыссыздықпен бетпе-бет келіп, бұл үдеріс жас буын арасында белең алды. Әлеуметтік кепілдік берілмеді. Табыс іздеп, бірдеңе барар жері, басар тауы қалмағаннан кейін әсіредіншілдердің тұзағына оңай түсті. “Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен” жүруге әдеттеніп, әскери борышын өтеуді айрықша миссия ретінде мақтанш санамайтын болды. Содырлар мен басбұзарлардың басым көпшілігін “әсіредіншілдер” құрайды деген сөздің жаны бар. Президент қаңтар оқиғасы жайлы “Ішкі және сыртқы жауларымыз өзара ымыраласып, билікті басып алғысы келді. Олар халықтың наразылық шеруін басқа арнаға бұрып, жұртты қасақана арандатты. Лаңкестер мемлекеттік органдарға, стратегиялық нысандар мен бизнеске тиесілі ғимараттарға шабуыл жасады. Билікке күйе жағу үшін бейбіт тұрғындарға оқ атты”, – деуі көп жайтты аңғартады. Ал жоғары лауазым иелерінің мемлекетке сатқындық жасауы, опасыздардың ішінде әскери және арнаулы органдар басшыларының болуы сыбайластардың өзара мүдделескенін, ымыраласқанын, мұның өзі теріс діни ағым басшылары мен мүшелерінің күні бұрын қаскөйлікпен ойластырған ауқымды операциясы екенін қолдағы деректер де айғақтайды. Осының өзі – ұлттық



идеологияның қағаз жүзінде қалғанының, елім-жұртым дейтін азаматтардың құлқынның құлы болып кеткенінің бұлтартпас бір дәлелі. Жат ағым тек ислам дінінде ғана десек, қателесеміз. “Иегова күгерлері” жайлы да осылай айтуға болады. Ресейде ол мемлекет институтына қауіп төндіретін экстремистік ұйым, тоталитарлық секта ретінде танылған. Ондаған мың адамның бойында өшпенділік сезімін тудырған. Қазақстандағы бірлестікке келетін болсақ, оның қатарына қазақ жастарының көптеп кіруі ойландыр-май қоймайды. Бұл секта да қазақтың салт-дәстүрлерін жоққа шығарады (тойда шашу шашу, қол жайып бата беру, т.б.). Өскекең ұрпақты антипатриотизмге тәрбиелейді. Яғни, қолға қару ұстауға, әскери қызмет атқаруға болмайды. Азаматтардың негізгі конституциялық құқықтары елемейді. Мемлекеттік құрылымға бағынбауды насихаттайды, билікті өз қолдарына алуға, өзін-өзі басқаруға шақырады. Қабылданған заңдарды құрметтемейді, мемлекеттік рәміздерден бас тартуға үндейді. Дәстүрлі отбасы институтын мойындамайды, тағысын тағылар. Сектаның түпкі мақсаты қандай деген сауалға теологтар адамдарды ойлау еркінен еріксіз айыру дейді. Тақырыпты тарата айтып отырған себебіміз – осы секта өңірімізде тамырын тереңге жайған. Білетіндердің айтуынша, қатарында қазақ жастары көп көрінеді. Бүкіл отбасымен секта құрбаны болғандар да жетерлік. “Басы айналғандар” арасында пәтерлерін, қымбат көліктерін “сыйға тартқандары” да, психикалық дертке шалдыққандары да жоқ емес. Айдың-күннің аманында адасып жүргендер жайлы, сектаның адамгершілік қасиеттермен еш сыйыспайтын жағымсыз әрекеттерінен облыстық дін істері басқармасы, құқық қорғау органдары хабарлар бола тұра, шарасыз. “Діни ағымның ісіне араласу үшін жеке тұлғалардан арыз талап етіледі”, – дейді ведомство мамандары алақан жайып. Ал ұстанымы заң нормаларына қайшы келетініне қарамастан Әділет министрлігінен тіркеуден өтіп, сертификат алғаны жұртшылық тарапынан үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. Белгілі саясаттанушы Расул Жұмали бұл жөнінде ойын былай сабақтайды: “Соңғы кездері асыл дінімізді өздігінше бұрмалап, уағыздайтын, жеткілікті діни сауаттылығы төмен жекелеген топтар мен тұлғалардан аяқ алып жүру қиындап кетті. Әсіресе, өз ұстанымын хақ санайтын салафшыл-уахабшыл бағыттағылар қоғамдағы әділдік, теңдік секілді құндылықтардың құлдырағанын пайдаланып, буыны қатпаған, ақыл-есі толыспаған жастарды өз қата-рына қосуға өте шебер. Шектен шыққан мұндай экстремизмге әлеуметтік жағдайы нашар отбасылар, аз қамтылған жандар да бейім тұрады. Өкінішке қарай, елімізде имандылыққа тәрбиелейтін кешенді шаралар көбіне қағаз жүзінде қалады”.

Біздің ойымызша, 2011 жылы қабылданған “Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы” Заңға толықтырулар енгізіліп, тиісті баптарын қатаңдатып, ғасырлар бойы қалыптасқан наным-сенімімізге, ата-бабалар дәстүріне, отбасылық ынтымағымызға, ұлттық құндылықтарымызға кедергі келтіріп, жастарымызды жат қылықтарға термелейтін радикалды діни ағымдар мен секталарға тоқтау салатын мезгіл жетті.

Шәріп НҰРТАЕВ, зейнеткер.

ҚЫЗҒА ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЙЫМ...

Дана халқымыз: «Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі», «Шешесі отырып, қызы сөйлегеннен без», «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» демекші, ата-бабаларымыз қыз баланың тәртібі мен тәлім тәрбиесін жоғары бағалап, қыздарды адамгершілікке, ізгілікке, әдеп-тілікке, ар-ұяттылыққа, нысаптылыққа, мәдениеттілікке, тәртіптілікке, еңбекшілдікке, сұлулыққа, сымбаттылыққа баулып отырған.



«Қыздар – олар мейірімді, игі жандар. Бір қызы бар адамды Алла Тағала тозақ отынан сақтайды. Екі қызы бар адам, солардың себебімен жәннатқа кіреді. Ал үш қызы бар немесе қыздары секілді кіші қарындастары бар адам, оларға қамқоршы болса, оның мойнынан жинад пен садақаның жауапкершілігі түседі»

Ата бабаларымыз қыз балаларымыз, апа қарындастарымызға тәлім тәрбие беру ісінде асыл дініміздің маржан сөздерін арқау еткені белгілі. Қазақта «қызға қырық үйден тыйым», – деп аталатын тәрбие бар.

Халқымыздың тәрбиелік құралдарының күнделікті қолданылатын үлгі, өнеге түрлерінің бірі – тыйым. Бұл балалар мен жастарды жаман әдеттерден сақтандырып, жақсылыққа бейімдеуден шыққан педагогикалық ұғым. Осы арқылы олар әркімді теріс мінез, орынсыз қимылдардан сақтандырып отырған. Қызды тыйып ұстау – тірсектен қағып, еңсесін езу емес, қырық үйден, тіпті, қара күннен де бір абзал өнеге үйреніп, ұлағатты сөз естіп, оңды талғам көрсін дегені. Қыз баланың ақылды да инабатты, өнерлі де өнегелі болып толысуына ата-анамен бірге ағайын-туған, ауыл-аймағы да жауапты екенін айтады. Қызды тектеп ұстауға меңзейді. Атасы жат ауылдарға қызды қыдыруға, жалғыз жіберуге тыйым салған. Қызы жоқ, ұлы көп үйлерге барып, қонуға тыйым салған. Той-томалақ, топты жиналыстарға қыздың жалғыз баруына тыйым салған. Оны жеңгелерімен бірге жіберген. Қызды ен өрісте жалғыз жүріп, мал бағып жүрген малшылардың арасына жіберуден аулақ болған. Қызды алыс жерден су алуға, мал қайыруға, жалғыз жүруіне тыйым салған. Қызды нағашы жұртына жалғыз жібермеген. Баруға тиіс болса, жанына әпке, сіңілі, жолдас-жоралары еріп жүрген. Әке-шешесі бір жаққа кеткенде, қызды үйде жалғыз қалдырмаған. Ертіп кететін немесе қасына сенімді туыс әйелдердің біреуін қосып кететін. Құда түскен үйіне де қашан да келіп болып, басаға аттағанша ол үйге жібермейді. Қызға түнде қараңғыда қыдыруына тыйым салған.

Жат ауылға қызды жалғыз жібермейді. Қыз нәзік, әлсіз болады, әлдебіреулердің жаманшылығына ұшырап қалуы мүмкін, зорлық-зомбылық көруі мүмкін деп тыйым салған. Әлі ұзатылмаған қызды болашақ ана деп қарап, жесір әйелдердің үйіне барып, қонуға тыйым салған. Себебі басына қаралы күн туады деп қорыққан.

Алыс сапарға қызды жалғыз жібермеген. Қыздың шамасы жетпейтін, ауыр жүк көтеруге тыйым салған. Себебі ол болашақ ана деп, денсаулығын күткен. Жас қызды өлімді болып жатқан қаралы шыңырақтарға жібермеген. Кеудесі суып кетеді деген. Ұзатылмаған қызды қаралы шаңырақтарға апарып, өлімді жоқтауға тыйым салған. Өйткені, көңілі түңіліп кетсе, кейін жақсы ана бола алмайды, одан туған бала қайғы шер тартады деген.

Қыздың ашық-шашық киім-кешек киіп жүруіне тыйым салған. Себебі басқалардың тіл-көзі, суық болып қадалады, арты жамандыққа ұласады деген.

Қыз бала – бір отбасының ғана емес, бір рулы елдің, қала берді, бүтін бір ұлттың ұлт болып қалыптасуына әсер ететін тұлға, болашақ ана екенін ұмытпайық, қыздарымызды қорғап, қолдап, мәпелей білейік!

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші

Қазақ халқының дін туралы танымы, сенімі ерекше. Дінді жаратылыстан тыс құдіретті құбылыс, тыйым ретінде танымайды, ойсыз бас қойып, көзсіз құлдай жығылып, табынған да емес. Діннің адам мен қоғам арасын жалғастырушы, жарастырушы және үйлестіруші қасиетін жете түсініп, оны жан мен тән тазалығын сақтайтын, парасат тағылымдарын демеуші, адамға өнеге тәлім берер, пейілге мейірім ұялатар рухани күшке бағалаған.

Атақты ағартушы Ыбырай Алтынсарин өз заманында исламға ден қоя отырып, «мұсылманшылықтың тұтқағы – сенім, иман, имандылық» деп дәйектесе, ұлы ақын Мағжан Жұмабаев дін рәсімдерінің тұрмыс дағдыларымен астарластығын «Ораза деген қазаққа құлшылық емес, әдеп қой», – деп бір ауыз өлеңмен сипаттаған. Ойшыл жазушы Ғ.Мүсірепов дін жөнінде: «Адам баласы бірдемеге сенбей, арқа сүйемей тұра алмайды, сол сенімнің аты – дін. Ең арғысы саяси сенім дегеннің өзі халықтың басым көпшілігі үшін дін», – деп оның адам өміріндегі рухани күшін жоғары бағалағаны белгілі. Бабаларымыздың қастер тұтып, атадан балаға аманаттап, жүрекке дарытып келген асыл қасиеттері көп-ақ. Халқымыз сырт көзбен емес, жүрекпен ұғатын адамгершілік құндылықтарды жоғары дәріптеген. Иман-қазақ халқының рухани дүниетанымындағы парасат пайымымен сабақтасып жататын өте кең өлшемді ұғым. Ата-бабаларымыздың ақиқатқа жетелер сенімінің де басты тірегі – осы. Барлық бет-болмысының, мінез-құлқының айнасы. Иmandылық деген бір ғана сөздің бойына ұят, ар, ынсап, қанағат сықылды бүкіл жақсы қасиеттер түгел сыйып тұр. Қазақтың жүзі жылы жанды жолықтыра қалса, «бетінен иманы төгіліп тұрған адам екен» немесе «иманжүзді кісі екен» деп сөз етісетіні де сондықтан. Тіпті адам ғұмырының мәні болып саналатын махаббат сезімінің де негізі имандылықтан басталады.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылып 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 12. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.